



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 22 маусым

Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару бойынша

ҚР Ұлттық Банкінің зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметі барынша ашық болып отыр.

«БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі қызметтің айқындылығын арттыру шеңберінде ҚР Ұлттық Банкі жарияланатын есептіліктің форматын барынша ашық және жан-жақты болуына қарай қайта қарады. Инвестициялық басқару жөніндегі ай сайынғы есепке зейнетақы активтерімен жасалған мәмілелердің күні мен өлшемдері туралы мәліметтер бөлігінде толықтырулар енгізілді», - деп хабарлады ҚР Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаментінің директоры Әлия Молдабекова.

Ол «инвестициялар бойынша нақты жағдайларды көрсете отырып қаржы құралдарын сатып алуды, сату мен өтеуді қоса алғанда, зейнетақы активтерімен мәмілелер бойынша жан-жақты ақпараттың қосылғанын» нақтылады.

Салымшылар жеке қаржы құралы бөлігінде БЖЗҚ портфелінің құрылымымен және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша ақпаратпен БЖЗҚ Интернет-ресурсында танысуына болады, олар ай сайынғы негізде жарияланады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz